


**Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі**

№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы


**«Кел ойнайық, балақай»
бағдарламасы**

Ересек топ балаларына



2024 ж.

Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімінің expertтік
кеңесінде бекітілді.

Хаттама № 1 «02» 09 2024ж
Алға ауданының білім бөлімінің әдіскері
 Н.Уразғалиева

Құрастырған: Д.Дузбасва №4 «Балбөбек» бөбекжай
балабақшасының тәрбиешісі, педагог-модератор

Пікір жазғандар: Л.Нурадинова №4 «Балбөбек»
бөбекжай балабақшасының,
педагог сарапшы
Б.Демесинова №4 «Балбөбек»
бөбекжай балабақшасының
тәрбиешісі, педагог-зерттеуші

Бағдарлама ересек топ балалардың жасына сай құрылған. Бұл
бағдарламада ойын арқылы- ойды дамыту мен тәрбие құралы
ретінде падаланудың тиімді жолдары көрсетілген.

Түсінік хат

Мектепке дейінгі 4 жастағы балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Балалардың дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіруде ойынның алатын орны зор.

Ойын-баланың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Ойын баланың шын тіршілігі. Бала ойын ойнағанда өмірде көрген, білгендерін өзіне ұнаған адамның іс-әрекетіне еліктеп отырып беймделеді. Бала үшін өзіне ұнаған артық ештеңе жоқ, оған барлық жағынан ұқсағысы келеді. Тез есейгісі келіп, бәрін өзім істей аламын деп талпынады. Баланың осы талпынысын мұқалтпай, сен үлкенсің, сен өзін істей аласың деп тәрбиелеу ең ұтымды тәсіл. Балалар игерген білімдерін ойынға пайдалана білуі керек. Сондықтан да балалар өздерінің іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра отырып, арнайы кезеңдерді нақтылы анықтай білуі қажет. Ол кезеңдер мыналар: жоспарлау, дайындалу, іске асыру. Балалардың мейірбандық қасиеті отбасындағы үлкен адамдардың өнегесіне, балабақшадағы тәрбиеші апайының олармен күнделікті қарым-қатынасы калыптасады. Үлкендердің мейірімділігі баланың сәби жүрегін қуаныш сезіміне бөлейді. Сондықтан, балалардың өздерін үлкен адамдарша сезініп ойнауы үшін «Кел, ойнайық балақай» бағдарламасын құрып отырмын. Қосымша бөлікке 36 сағатқа құрылып, аптасына 1 рет өткізіледі.

Пікір

Мектеп жасына дейінгі 4жастағы балалардың ойнап өсетіні бәрімізге мәлім. Ойын арқылы шынайы өмірді танып, соның ішінде бейнені рөлдік ойындар арқылы, өз рөлдеріне еніп, шын беріліп ойнайтындықтары сөзсіз. Басқалардың ойын өрістетіп, тілін дамытуда, байланыстырып сөйлеуде ойынның алатын орны ерекше. Тәрбиеші дайындаған бейнені рөлдік ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне сай қамтылып алынған. Қазіргі заманауи технологиялардың дамып, айналамызда түрлі биік ғимарат, сәулетті супермаркет, мектеп, банк, емханалар салынып жатырғанын балалар көріп те, барып де жүр. Олар балаларға өте қызықты. Аналарына еріп барғанда, сол банк қызметкерлері рөлдеріне еніп, сәби ойлары ары қарай шарықтай түсетіні бәрімізге аян.

Мынадай іскерлік түрлерін қалыптастыру: карапайым сюжеттер ойлап табу, оны атқару (тамақ пісіру, қуыршақты тамақтандыру, ұқтату, емдеу), екі кейіпкердің қарым-қатынасын көрсету (анасы мен баласы, дәрігер мен емделуші), өз атынан да, ойыншықтың атынан да сөйлеу (анасы мен қуыршақ- бөпе, дәрігер мен тіс ауырған қоян т.с.с) Сол себепті, сәбилердің ойын іскә асыруда тәрбиеші бірнеше бейнелі рөлдік ойындарды жинақтап отыр. Бала жасына сай жеңіл етіп алынған. Бағдарлама мектепке дейінгі мекемелер тәрбиешілеріне арналған.

Максаты:

Бала тілін бейнелі рөлдік ойын арқылы мамандықтармен таныстырып, зейін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әр түрлі мамандық иелеріне қызығушылықтары артыру.

Міндеттері:

- Рөлдік ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету;
- Ойын барысында адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
 - Достарымен жақсы қарым-қатынас орнатуға дағдыландыру;
 - Қоғамдық жерде өзін-өзі ұстау ережесіне жаттықтыру

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	«Отбасы» бейнелі рөлдік ойын	1
2	«Шаштараз» бейнелі рөлдік ойын	1
3	«Емханада» бейнелі рөлдік ойын	1
4	«Пошташы» бейнелі рөлдік ойын	1
5	«Дүкенде» бейнелі рөлдік ойын	1
6	«Супермаркет» бейнелі рөлдік ойын	2
7	«Балабақша» бейнелі рөлдік ойын	1
8	«Құрылысшы» бейнелі рөлдік ойын	1
9	«Аспазшы» бейнелі рөлдік ойын	1
10	«Театр» бейнелі рөлдік ойын	1
11	«Байланысшы» бейнелі рөлдік ойын	1
12	«Мұражай» бейнелі рөлдік ойын	1
13	«Өрт сөндіруші» бейнелі рөлдік ойын	1
14	«Бағдаршам» бейнелі рөлдік ойын	1
15	«Полиция қызметкері» бейнелі рөлдік ойын	2
16	«Кітапханашы» бейнелі рөлдік ойын	1
17	«Кондуктор» бейнелі рөлдік ойын	1
18	«Тігінші» бейнелі рөлдік ойын	1
19	«Мектеп» бейнелі рөлдік ойын	2
20	«Суретші» бейнелі рөлдік ойын	1
21	«Бағбаншы» бейнелі рөлдік ойын	2
22	«Тележүргізуші» бейнелі рөлдік ойын	1
23	«Дәріханашы» бейнелі рөлдік ойын	1
24	«Банкте» бейнелі рөлдік ойын	1
25	«Сауыншы» бейнелі рөлдік ойын	2
26	«Май қызметкері» бейнелі рөлдік ойын	2
27	«Сәудетші» бейнелі рөлдік ойын	2
28	«Гүл сатушы» бейнелі рөлдік ойын	2
	Барлығы:	36

№	Тақырыбы	Мақсаты
1	«Шаштараз» бейнелі рөлдік ойын	Балаларды шаштараз құралдарымен таныс тыру. Еңбектері туралы мағлұмат беру. Әсемдікке баулу.
2	«Емханада» бейнелі рөлдік ойын	Балаларға ақ халат ты абзал жандар еңбектерімен таныс тыру. Дәрігер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
3	Бейнелі рөлдік ойын	Тәрбиеші, балалар, күтуші, дәрігер, спорт жетекшісі рөлдеріне еніп ойнауға үйрету.
4	«Құрылысшы бейнелі рөлдік ойын	Сәулетті, әдемі биік ғимарат тарды тұр ғызатын құры лысшы еңбек терімен таныс тыру. Қиын да, қызық құрылыс шы еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.
5	«Аспазшы» бейнелі рөлдік ойын	Балабақшада тәтті тағам дарды біздерге аспазшы апай пісіретіні туралы әңгімелеу. Ойнай отырып балалардың сөздік қорларын байыту.
6	«Банкте» бейнелі рөлдік ойын	Қаламыздағы банктер, «Центр кредит», «Альянс Банк» термен таныстыру. Банк қызметкерлері, клиенттер рөлдерін еніп ойнауға үйрету.
7	«Сауыншы » бейнелі рөлдік ойын	Фермер, сауыншы қызметкерлері еңбегі туралы түсінік беру. Үй жануарларының аттарын атауға үйрету.
8	«Май қызметкері» бейнелі рөлдік ойын	Жол қауіпсіздігі туралы әңгімелеу. Май қызметкері рөліне еніп ойнауға үйрету. Әртістік қабілеттерін дамыту.
9	«Сәудетші» бейнелі рөлдік ойын	Биік ғимарат, әдемі балбақ шаларды тұрғызатын су ретші еңбегімен таныстыру. Ең бектерін баға лауға тәрбиелеу.
10	«Суретші» бейнелі рөлдік ойын	Суретші еңбектерімен таныстыру. Сурет сала білу қабілеттерін дамыту
11	«Бағбаншы» бейнелі рөлдік ойын	Гүлдерге қарап, олар ды күтетін адам еңбегі мен таныс тыру. Еңбектерін бағалауға тәрбиелеу
12	«Тележүргізуші» бейнелі рөлдік ойын	Телевизия қызметкерлеі еңбегімен таныстыру. Диктор, әрлеу ші, журналист рөлдеріне бөлініп ойнауға үйрету.
13	«Дәріханашы» бейнелі рөлдік ойын	Дәріхана туралы түсінік беру. Дәрі ханашы ең бегімен таныстыру. Белгісіз дәрі лерді, ұста мауға, ауыз дарына салмауға үйрету.

14	«Полиция қызметкері» бейнелі рөлдік ойын	Көше, барлық қоғамдық орындарда тәртіп сақшысы бақылайтыны туралы әңгімелеу. Бала ларды рөлдерге бөліп үйрету.
15	«Пошташы» бейнелі рөлдік ойын	Балаларды рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету. Ойын барысын да балаларға ауыспалы зат тарды қолдануға үйрету. Пошта шы еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
16	«Дүкенде» бейнелі рөлдік ойын	Балаларды ойын барысында рөлге кіріп, аяғына деиш эрекет етуін қалыптастыру. Дүкенде өздерін дұрыс ұстауға тәрбиелеу.
17	«Супермаркет» бейнелі рөлдік ойын	Супермаркет ішінде өздерін сыпайы ұстауға, үлкендерді тындай білуге үйрету. Балалар дын эртістік қабілеттерін дамыту.
18	«Балабақша»	Балаларды балабақша қызметкерлері туралы әңгімелеу
19	«Кітапханашы» бейнелі рөлдік ойын	Қаламыздағы Н.Байғанин, Пушкин атындағы балалар кітапханасы туралы әңгіме жүргізу. Кітап қорларымен таныстыру. Кітапханашы, оқырман, кітап алушы рөліне еніп ойнату. Кітап құмарлыққа тәрбиелеу
20	«Кондуктор» бейнелі рөлдік ойын	Автобус ішінде қызмет ететін кондуктор қызметі мен таныстыру. Автобус ішінде сыпайы, тәртіпті болуға тәрбиелеу.
21	«Тігінші» бейнелі рөлдік ойын	Тігінші еңбегін бағалай білуге үйрету. Бала бойына әдемілік, әсемдік ұғымдарын қалыптастыру.
22	«Мектеп» бейнелі рөлдік ойын	Мектеп туралы білімдерін кеңейту. Ұстаз еңбегін құрметпен қарауға тәрбиелеу.
23	«Сауыншы» бейнелі рөлдік ойын	Фермер, сауыншы қызметкерлері еңбегі туралы түсінік беру. Үй жануарларының аттарын атауға үйрету.
24	«Май қызметкері» бейнелі рөлдік ойын	Жол қауіпсіздігі туралы әңгімелеу. Май қызметкері рөліне еніп ойнауға үйрету. Эртістік қабілеттерін дамыту.
25	«Сәулетші» бейнелі рөлдік ойын	Биік ғимарат, әдемі балбақ шаларды тұрғызатын су ретші еңбегімен таныстыру. Еңбектерін бағалауға тәрбиелеу.
26	«Банкте» бейнелі рөлдік ойын	Қаламыздағы банктер, «Центр кредит», «Альянс Банк» термен таныстыру. Банк қызметкерлері, клиенттер рөлдерін еніп ойнауға үйрету.



Күтілетін нәтиже

- Бейнені рөлдік ойын арқылы болашақ маман иелерін тәрбиелеу.
- Үлкендер еңбегін бағалай білу, құрметпен қарау түсінігі кеңейеді.
- Келешекте өз ісіне деген сүйіспеншілікпен қарайтын балалар тәрбиелеу міндеті күтілуде

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алматы Арда «Кел, балалар ойнайық» 2011 ж
2. А. Асылбеков «Жалын», «Бесік жыры» Алматы 2015 ж
3. Ә.Қоңырбекұлы «Такпак айтып, жаңылтпаш жаттайық»
4. «Бөбектерге байғазы» Хрестоматиясы 2015ж
5. Ж.Маласарин «Қазак мәтелдері»
6. М.Нүсіпбекова «Қарлығаш» хрестоматиясы 2017ж
7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы
8. С.А.Назарбаева «Өзін-өзі тану» Бөбек Алматы 2018ж
9. Тіл дамыту әдістемелік құрал Алматы кітап 2012ж
10. Т.Сұлтангереев «Әдептілік әдемілігі» Тараз 2019 ж